

«ORLAN-PVL» ЛОМБАРДЫ» ЖШС-НІҢ МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «ORLAN-PVL» ЛОМБАРДЫ» ЖШС-нің Микрокредиттер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі «ҚР АҚ»);

- ҚР 2012 ж. 26.11. «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңына;

- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 84 бірлескен қаулысы және «Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері және өзге де микрокредиттік актілері бойынша жылдық ең жоғары және тиімді сыйақы мөлшерлемелерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2026 жылғы 29 сәуірдегі № 51 қаулысы;

- «ЛОМБАРД «ORLAN-PVL» ЖШС-ның (бұдан әрі – Ломбард) ішкі құжаттарымен.

1.2. Ломбард қызметінің түрлері:

1.2.1. Жеке тұлғаларға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілге салып, бір жылға дейінгі мерзімге микрокредиттер беру.

1.2.2. Құрамында бағалы металдар, асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды есепке алу және сату.

1.3. Микрокредит ресімдеу үшін Қарыз алушы/Кепіл беруші жеке басын куәландыратын құжаттар-дың бірінің түпнұсқасын ұсынуы қажет:

- ҚР азаматының төлқұжаты;

- ҚР азаматының жеке куәлігі;

- Шетелдіктің ҚР тұруға ықтиярхаты;

- Азаматтығы жоқ адамның куәлігі;

- Шетел азаматының төлқұжаты.

1.3.1. Егер Ломбардта қызмет көрсету кезеңінде Қарыз алушының/Кепіл берушінің тегі және/немесе аты және/немесе әкесінің аты өзгерсе, онда Қарыз алушы/Кепіл беруші жеке басын куәландыратын жаңа құжатты және оның негізінде деректер өзгертілген тиісті құжатты ұсынуы тиіс.

Деректердің өзгеру себебі Қарыз алушының ТАӘ	Оның негізінде Қарыз алушының ТАӘ өзгерген құжаттың атауы
<i>Неке қию себебі бойынша тегін ауыстыру</i>	<i>Неке қию туралы куәлік</i>
<i>Некені бұзу себебі бойынша тегін ауыстыру</i>	<i>Некені бұзу туралы куәлік</i>
<i>Басқа себептер бойынша тегін/атын/-әкесінің атын ауыстыру (жатық естілмеуі, ұлттық дәстүр бойын-ша және т.т.)</i>	<i>ТАӘ өзгеруі туралы мемлекеттік тіркеу туралы куәлік</i>

2. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

2.1. Ломбардқа микрокредит алу туралы өтініш беру талап етілмейді, себебі микрокредит нысаналы емес болып табылады.

2.2. Бағалаушы Қарыз алушының/Кепіл берушіні микрокредитті алу және қайтару талаптарымен, сондай-ақ Қарыз алушының/Кепіл берушінің Ломбард алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда кепілге қойылған мүлікке өндіріп алуды қолдану негіздерімен және тәртібімен таныстырады.

2.3. Бағалаушы бағалау жүргізу үшін Қарыз алушыдан/Кепіл берушіден болжамды кепіл нысанасын қабылдайды. Кепіл нысанасы алтын бұйым болған жағдайда, бағалау құны анықталғаннан

кейін Бағалаушы клиенттің ауызша келісімімен бұйымның сынамасын тексеру мақсатында химиялық реактивтермен апробация жүргізеді.

Алтын жалатылған болуы ықтимал бұйымдар міндетті түрде егеледі (надпил жасалады).

Клиент апробация жүргізуден бас тартқан жағдайда алтын бұйымдар кепілге қабылданбайды.

2.4. Тараптардың микрокредит беру және алу жөніндегі келісімі микрокредит беру туралы шартқа қол қою арқылы расталады.

3. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

3.1. Микрокредит беру туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасуға негіз болып Қарыз алушы/Кепіл беруші мен Бағалаушы арасында кепіл нысанасының бағалау құны, микрокредит сомасы, микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшері, өтеу кестесі және микрокредитті қайтару күні жөнінде қол жеткізілген ауызша келісім табылады.

3.2. Шарт Ломбард пен Қарыз алушы/Кепіл беруші арасында Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес Қарыз алушының/Кепіл берушінің қағаз жеткізгіште Кепіл билетіне және Микрокредит беру туралы шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) қол қоюы арқылы жасалады.

Кепіл билеті мен Қосылу туралы өтінішке Қарыз алушы/Кепіл беруші және Ломбардтың Бағалаушысы екі данада қол қояды, оның бір данасы әрбір тарапқа беріледі.

3.3. Қарыз алушының/Кепіл берушінің Кепіл билетіне және Қосылу туралы өтінішке қойған қолы оның Шарттың талаптарымен толық көлемде танысқанын, оларды түсінгенін, ешқандай ескертулерсіз және қарсылықтарсыз қабылдағанын және Шартқа тұтастай қосылғанын растайды.

3.4. Кепіл билетіне және Қосылу туралы өтінішке қол қойылғанға дейін Бағалаушы Қарыз алушыға/Кепіл берушіге танысу үшін микрокредитті өтеу кестесін ұсынады.

Шарт, Кепіл билеті, Қосылу туралы өтініш және микрокредитті өтеу кестесі өзара ажырамас бөліктер болып табылады және бірыңғай құжатты құрайды.

3.5. Кепіл билеті немесе Қосылу туралы өтініш жоғалған жағдайда Қарыз алушыға/Кепіл берушіге Ломбард белгілеген нысан бойынша берілген өтініш негізінде олардың телнұсқасы беріледі.

4. МИКРОКРЕДИТ БЕРУДІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

4.1. Бір микрокредиттің ең төменгі сомасы 10 000 (он мың) теңгені құрайды.

4.2. Бір микрокредиттің шекті сомасы 2 900 000 (екі миллион тоғыз жүз мың) теңгені құрайды.

4.3. Микрокредитті ресімдеудің ең қысқа мерзімі 5 (бес) күнді құрайды.

4.4. Микрокредитті ресімдеудің шекті мерзімі 45 (қырық бес) күнді құрайды.

4.5. Микрокредиттеу бағдарламасына байланысты микрокредиттің шекті сомасы мен мерзімі мынадай мөлшерде белгіленеді:

4.5.1. Айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшеріне дейінгі микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредиттің шекті сомасы 45 АЕК-тен аспайды, ал шекті мерзімі 45 күннен аспайды.

Тараптардың келісімі бойынша Шарттың қолданыс мерзімін қолданыстағы немесе жақсартылған талаптармен ұзартуға жол беріледі, бірақ он төрт реттен артық емес және жалпы мерзімі 90 күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

Микрокредит шартының жалпы мерзімі (ұзартуларды және кепілдендірілген күту мерзімін қоса алғанда) 165 күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

4.5.2. Айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшерінен асатын микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредиттің шекті сомасы 2 900 000 теңгеден аспайды, ал шекті мерзімі 45 күннен аспайды.

Тараптардың келісімі бойынша Шарттың қолданыс мерзімін қолданыстағы немесе жақсартылған талаптармен ұзартуға жол беріледі, бірақ он төрт реттен артық емес.

Микрокредит шартының жалпы мерзімі 360 күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

5. МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ МӨЛШЕРЛЕРІ

5.1. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі микрокредиттің сомасы мен мерзіміне байланысты күніне 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыздан 0,2996 (нөл бүтін он мыңнан екі мың тоғыз жүз тоқсан алты) пайызға дейін белгіленеді.

5.2. Сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, сондай-ақ сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің (бұдан әрі – СЖТМ) мөлшері әрбір микрокредит бойынша оның сомасы мен мерзіміне байланысты жеке есептеледі және Кепіл билетінде көрсетіледі.

5.3. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің (СЖТМ) шекті мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді және мынаны құрайды:

5.3.1. Айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшеріне дейінгі микрокредит беру туралы шарт бойынша – күніне 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайыздан кем, бірақ 179 (жүз жетпіс тоғыз) пайыздан аспайды;

5.3.2. Айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшерінен асатын микрокредит беру туралы шарт бойынша – 46 (қырық алты) пайыздан аспайды.

6. МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

6.1. Қарыз алушы микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны Шартта белгіленген мөлшерде және мерзімдерде микрокредит берілген Ломбард бөлімшесінің кассасына қолма-қол ақшамен төлейді.

6.2. Микрокредит Шартта белгіленген мерзімде қайтарылмаған жағдайда сыйақы микрокредитті нақты пайдаланған бүкіл кезең үшін төленеді.

7. ЛОМБАРД ҚАБЫЛДАЙТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Ломбард жеке тұлғаларға тек жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілге қою арқылы микрокредиттер береді, атап айтқанда:

- алтын бұйымдар, оның ішінде асыл тастары бар алтын бұйымдар;
- бағалы аң терісінен тігілген бұйымдар: ерлер мен әйелдердің күзен тондары, ерлердің күзен бөріктері;
- компьютерлік техника: ноутбуктер, моноблоктер, мониторлар (кепіл қабылдау терезесінің өлшемдеріне сәйкес келген жағдайда);
- ұялы телефондар, планшеттер.

7.2. Алтын бұйымдар мен гауһар тастары бар алтын бұйымдарды бағалауды Бағалаушы Ломбард директорының ішкі бұйрықтарымен бекітілген қолданыстағы бағалау санаттары мен бағалар негізінде жүзеге асырады.

7.3. Бағалы аң терісінен жасалған бұйымдар көзге көрінетін пайдалану іздерінсіз, жақсы күйде қабылданады.

7.4. Ұялы телефондар мен техника Қарыз алушыға/Кепіл берушіге тиесілі екенін растайтын құжаттар болған жағдайда кепілге қабылданады.

7.5. Кепілге қабылдауға тыйым салынады:

- айналымнан алынған немесе айналымы шектелген заттарды;
- тыйым салынған (арест қойылған) мүлікті;
- үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлікті;
- болашақта Қарыз алушының/Кепіл берушінің меншігіне түсетін мүлікті;
- Қазақстан Республикасының халықаралық және мемлекеттік наградаларын, ордендерін, медальдарын және құрметті атақтарына арналған төсбелгілерін;
- Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, 1995 жылғы 12 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы», 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» және 2010 жылғы 2 сәуірдегі «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар бүтін және жинақталған зергерлік бұйымдарды зергерлік бұйымдардың сынығы ретінде қабылдауға.

7.6. Ломбард Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 328-бабының 2-тармағына сәйкес кепіл мүлкін өз қаражаты есебінен сақтандыруды жүзеге асырады.

7.7. Ломбардта сақталатын Қарыз алушыларға/Кепіл берушілерге, кепіл мүлкіне және микрокредиттерге қатысты барлық ақпарат құпия болып табылады және үшінші тұлғалардың қатысуымен жария етуге немесе талқылауға жатпайды.

8. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

8.1. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің шынайы, жылдық, тиімді және салыстырмалы есептелген мөлшерлемесі болып табылады.

8.2. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

8.3. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі келесі формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

онда:

n – қарыз алушыға жүргізілген соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j – қарыз алушыға жүргізілген төлемнің реттік нөмірі;

S_j – қарыз алушыға жүргізілген j-төлемнің сомасы;

APR – сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі;

tj – микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға жүргізілген j-төлемге дейінгі уақыт кезеңі (күнмен);

m – қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i – қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

P_i – қарыз алушының i-төлемінің сомасы;

ti – микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-төлеміне дейінгі уақыт кезеңі (күнмен).

8.4. Микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде қарыз алушының негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамауына байланысты туындаған төлемдерді (өсімпұлдарды, айыппұлдарды) қоспағанда, қарыз алушының барлық төлемдері ескеріледі.

9. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

9.1. Микрокредит микрокредит берілген Ломбард бөлімшесінің кассасына қолма-қол ақшамен біржолғы төлем енгізу арқылы өтеледі.

9.2. Кепілге қойылған мүлік Қарыз алушыға/Кепіл берушіге Кепіл билетін, Қосылу туралы өтінішті және жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын ұсынған кезде, сондай-ақ Ломбард алдындағы барлық міндеттемелер толық орындалған жағдайда қайтарылады.

9.3. Қарыз алушы/Кепіл беруші негізгі борышты өтеу және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шартта көзделген кепілдендірілген күту мерзімі өткеннен кейін Ломбард кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдануға және оны мәжбүрлеп соттан тыс тәртіппен өткізуге, оның ішінде сауда-саттық өткізбей өткізуге құқылы.

10. МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРҒА ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ҰТҚЫРЛЫҒЫ ТӨМЕН ТОПТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

10.1. Мүгедектігі бар адам немесе халықтың ұтқырлығы төмен тобына жататын адам жүгінген кезде Ломбард қызметкері микрокредит беру талаптары, шарт тараптарының құқықтары мен міндеттері туралы толық және дұрыс ақпарат береді, сондай-ақ микрокредит беру туралы шартты ресімдеу және міндеттемелерді орындау мәселелері бойынша қажетті түсіндірмелер береді.

10.2. Клиенттің өтініші бойынша қажетті түсіндірмелер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сенімхаттың немесе өзге де құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкіліне берілуі мүмкін.

10.3. Қызметтер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Ломбардтың ішкі құжаттарына сәйкес көрсетіледі.

10.4. Мүгедектігі бар адамдарға және халықтың ұтқырлығы төмен топтарына сенім білдірілген тұлғаның қатысуымен қызмет көрсету ерекшеліктері.

Клиенттің сенім білдірілген тұлғасы жүгінген кезде Ломбард Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның өкілеттіктерін растайтын құжаттар болған жағдайда осындай өкілмен өзара іс-қимыл жасайды.

Сенім білдірілген тұлғаға клиенттің мүддесі үшін әрекеттер жасауға қажетті және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін көлемде ақпарат пен құжаттар ұсынылады.

11. ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ/КЕПІЛ БЕРУШІНІҢ ӨТІНІШІН ҚАРАУ ТӘРТІБІ

11.1. Ломбард Қарыз алушының/Кепіл берушінің өтінішін Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңына сәйкес қарайды.

11.2. Өтінішті қарау мерзімі оның келіп түскен күнінен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

11.3. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша Ломбард өтініштің мәні бойынша жауапты (шешімді) жолдайды.

11.4. Өтініш келесі жағдайларда қараусыз қалдырылады:

11.4.1. өтініште жауап жіберілуге тиіс мекенжай көрсетілмесе;

11.4.2. өтініште өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және оның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе заңды тұлғаның толық атауы мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетілмесе;

11.4.3. өтініште әдепсіз немесе қорлайтын сөздер, Ломбард мүлкіне, Ломбард қызметкерінің және (немесе) оның отбасы мүшелерінің өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне қауіп төндіретін мәліметтер қамтылса;

11.4.4. өтініш мәтіні оқуға келмесе;

11.4.5. өтініш уәкілетті емес тұлға тарабынан берілсе.

Осы тармақтың 11.4.1–11.4.5 тармақшаларында көзделген жағдайларда Ломбард өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтінішті қараусыз қалдыру себептерін көрсете отырып жауап жолдайды.

12. ЛОМБАРД ПЕН ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ/КЕПІЛ БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. ЖАУАПКЕРШІЛІК

12.1. Ломбардтың құқықтары мен міндеттері:

12.1.1. Ломбардтың құқықтары:

– кепілге берілетін мүліктің кепілдік құнын дербес айқындауға;

– кепіл нысанасына сараптама жүргізуге (алтынды реактивтермен тексеру, техниканы тексеру);

– микрокредит пен сыйақы толық өтелгенге дейін кепіл мүлкін қайтармауға;

– кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдануға және оны мәжбүрлеп соттан тыс тәртіппен өткізуге, оның ішінде сауда-саттық өткізбей өткізуге;

– шарт жасалғанға дейін себептерін түсіндірместен микрокредит беруден бас тартуға.

12.1.2. Ломбардтың міндеттері:

– Қарыз алушыға/Кепіл берушіге Кепіл билетінің және микрокредитті өтеу кестесінің бір данасын беруге;

– кепіл мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге;

– кепіл мүлкін кепілдің бүкіл мерзіміне бағалау құнының толық сомасына өз қаражаты есебінен сақтандыруға;

– Қарыз алушының/Кепіл берушінің дербес деректерін және кепіл туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға жария етпеуге;

– шарттың аяқталу күнінен кейін ұзақтығы 30 күн болатын жеңілдікті кезең ұсынуға;

– кепіл мүлкін пайдаланбауға. Ломбардқа кепілге қойылған мүлікті пайдалануға қатаң тыйым салынады.

12.2. Қарыз алушының/Кепіл берушінің құқықтары мен міндеттері:

12.2.1. Қарыз алушының/Кепіл берушінің құқықтары:

– микрокредитті мерзімінен бұрын толық өтеуге;

– микрокредитті ішінара өтеуге;

– кепіл мүлкін Ломбард ресми түрде өткізгенге дейін сатып алуға (қайтарып алуға).

12.2.2. Қарыз алушының/Кепіл берушінің міндеттері:

– Қағидалардың 1.3-тармағында көрсетілген жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын ұсынуға;

– кепілге қойылатын мүліктің өзіне тиесілі екендігіне, іздеуде жоқтығына, кепілде немесе тыйым салуда тұрмағанына кепілдік беруге;

– микрокредитті қайтаруға, микрокредит сомасын және есептелген сыйақыны уақтылы әрі толық көлемде төлеуге;

– телефон нөмірі, мекенжайы немесе тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда бұл туралы Ломбардқа хабарлауға.

12.3. Тараптардың жауапкершілігі:

12.3.1. Ломбардтың жауапкершілігі:

– Ломбард кепіл мүлкінің сақталуы үшін толық материалдық жауапкершілік көтереді;

– кепіл мүлкі жоғалған жағдайда Ломбард Кепіл берушіге Кепіл билетінде көрсетілген толық бағалау құнын өтейді;

– еңсерілмейтін күш мән-жайлары (жер сілкінісі, су тасқыны, әскери іс-қимылдар және басқа да форс-мажорлық жағдайлар) туындаған кезде Ломбард жауапкершіліктен босатылады.

12.3.2. Қарыз алушының/Кепіл берушінің жауапкершілігі:

– егер кепілге ұрланған зат ұсынылған немесе бөтен адамның құжаты пайдаланылған болса, Қарыз алушы/Кепіл беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық және қылмыстық жауаптылықта болады;

– Қарыз алушы/Кепіл беруші негізгі борышты өтеу және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді кепілдендірілген күту мерзімі өткеннен кейін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Ломбард кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдануға құқылы. Кепіл нысанасы өткізілгеннен кейін Қарыз алушының/Кепіл берушінің оған меншік құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылады.